

## АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

16 мамыр 2025 жылы NARXOZ Университетінің құқық және мемлекеттік басқару мектебі «Сандық трансформация: құқық, басқару және халықаралық қатынастардағы жасанды интеллект пен үлкен деректердің рөлі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізеді.

Конференция аясында офлайн/онлайн нысанда келесідей іс-шаралар жүргізіледі :

- ✓ **Пленарлық отырыс** «Жасанды интеллект пен үлкен деректердің құқық, басқару және халықаралық қатынастардағы рөлі»
- ✓ **Дөңгелек үстел 1.** «Цифрлық трансформация дәуіріндегі құқық: жасанды интеллект және үлкен деректер»
- ✓ **Дөңгелек үстел 2.** «Жасанды интеллект және үлкен деректер дәуіріндегі мемлекеттік басқарудың трансформациясы»
- ✓ **Дөңгелек үстел 3.** «Халықаралық және ішкі саяси процестердегі жасанды интеллект және үлкен деректер»

Конференция «Үлкен деректердің құқықтық режимін реттеу мәселелері (Big Data): отандық және халықаралық тәжірибе» жобасы шеңберінде және БҰҰ-ның № 9 «Индустрияландыру, инновациялар және инфрақұрылым» Тұрақты даму мақсаттарының № 17 «Мақсаттарға қол жеткізудегі әріптестік» бағдарламасын жүзеге асыру аясында өткізілуде.

Конференция жұмысына қатысуға ЖОО-ның ғылыми қызметкерлері мен оқытушылары, магистранттар, докторанттар, тәжірибелі заңгерлер, қоғамдық ұйымдардың өкілдері, мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, сонымен қатар шетелдік қатысушылар шақырылады.

Конференция қорытындысы бойынша конференция мақалаларының жинағын (электронды түрде) шығару жоспарлануда.

Конференцияның жұмыс тілдері: қазақ, орыс, ағылшын.

Конференцияға қатысу үшін **2025 жылдың 10 сәуіріне дейін** өтінішті (1-қосымша), конференцияға қатысушылардың тезистерін немесе мақалаларын келесі электрондық мекенжайларға жіберу қажет:

Дөңгелек үстел 1: Аралбаева Айгерим [aigerim.aralbayeva@narxoz.kz](mailto:aigerim.aralbayeva@narxoz.kz)

Дөңгелек үстел 2: Кузембекова Роза [roza.kuzembekova@narxoz.kz](mailto:roza.kuzembekova@narxoz.kz)

Дөңгелек үстел 3: Узакбаев Нурлан [nurlan.uzakbayev@narxoz.kz](mailto:nurlan.uzakbayev@narxoz.kz)

Конференция бағдарламасы, сондай-ақ Пленарлық сессия мен дөңгелек үстелдер жұмысына онлайн қосылуға арналған сілтемелер конференцияға қатысушыларға қосымша, өтінімде көрсетілген электрондық поштаға конференция өткізілетін күннен бір-екі күн бұрын жіберіледі.

### 1. Жинақта мақаланы жариялау үшін қажетті құжаттар

Мақаланы жинақта жариялау үшін ұйымдастыру комитетіне келесі құжаттарды жіберу қажет:

- мақаланы жариялауға өтінім;
- тезистердің немесе мақаланың мәтіні.

Құжаттар тікелей Ұйымдастыру комитетіне электронды және қағаз нұсқасында үш файлмен ұсынылады. (біреуі - мақала, екіншісі - өтінім, үшіншісі - антиплагиат анықтамасы) Бірінші автордың фамилиясына негізделген файл атаулары. Егер жарияланым авторы басқа қалада, басқа мемлекетте тұратын болса, құжаттар қағаз түрінде ұсынусыз, электронды пошта арқылы жіберіледі.

### II. Ұйымдастыру жарнасы

Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатысу ұйымдық жарна төлеуді

талап етпейді және қатысушылар конференция материалдары жинағында тегін жариялауға құқылы.

### **III. Мақаланың рәсімдеу талаптары**

Сіз жіберген барлық мақалалар төмендегі талаптарға сәйкес рәсімделуі тиіс:

**1. Ұсынылатын материалдар көлемі машинкада басылған 6-дан 8 бетке дейін**

**2. Материалдар мынадай нысанда ұсынылады:**

Бет параметрлері: жоғарғы жиегі - 2 см., төменгі жиегі - 2 см., сол жақ жиегі - 3 см., оң жақ жиегі - 1 см. Қаріп - Times New Roman, Times Kaz, қаріп өлшемі - 12 pt. Жоларалық интервал - 1; абзацтық шегініс - 1,25; мәтін ені бойынша тегістелген. Баяндамаларда графикалық сызбалар, суреттер немесе фотосуреттер қамтылмауы тиіс.

**Мәтіннің басында автор (авторлар) туралы деректер, мақаланың атауы, аңдатпа, тірек сөздер орыс, қазақ және ағылшын тілдерінде көрсетілуі қажет.**

**3. Мәтіннің орналасу тәртібі (құрылымы):**

- автордың тегі мен аты-жөні (қалың қаріппен, ортасында);
- автор туралы мәліметтер (ғылыми атағы, ғылыми дәрежесі, жұмыс/оқу орны)
- электрондық пошта мекенжайы (автордың қалауы бойынша)
- мақаланың атауы (бас әріптермен, қалың қаріппен, ортасында);
- аңдатпа, тірек сөздер, мақаланың негізгі мәтіні; әдебиет (дереккөздер);

Мәтін жақтауларда, кестелерде немесе көрінетін немесе жасырын жиектері бар басқа нысандарда жиектелмеуі керек.

**Түсіндірмелерді рәсімдеу:** түсіндірмелер (әдебиетке) мақаланың ішінде дәйексөзден кейін төрт бұрышты жақшада басылады (бастапқыда дереккөздің нөмірі, содан кейін үтірден кейін - бет нөмірі көрсетіледі; түсіндірмелерді рәсімдеу мысалын қараңыз): беттері көрсетілген бірнеше дереккөздерге сілтемелер өзара нүктелі үтірмен бөлінеді;

Түсіндірмелер мен сілтемелерді рәсімдеу мысалдары:

-беттерді көрсететін бір әдеби дереккөзге сілтеме: [3, 121 б.].

-беттерді көрсететін әртүрлі әдеби дереккөздерге сілтемелер: [6, 9 б.; 12, 58 б.].

Көрсетілген талаптарға сәйкес келмейтін баяндамаларды жариялауға жол берілмейді. Мақаланың мазмұнына автор жауапты.

Конференцияны өткізу орны: Алматы қ., Жандосов к-сі, 55.

Конференция сағат 10.00 басталады, қатысушыларды тіркеу сағат 09.30. (Астана уақыты бойынша).

Қосымша ақпарат алу үшін мына телефонға хабарласуыңызды сұраймыз: Ұзақбаев Нұрлан +77005220313

**1-қосымша**

**ҚАТЫСУШЫНЫҢ ӨТІНІШІ**

**Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция «Сандық трансформация: құқық, басқару және халықаралық қатынастардағы жасанды интеллект пен үлкен деректердің рөлі»**

Аты - жөні (толық)	
Жұмыс/оқу орны (ұжымның толық атауы, жоғары оқу орнының толық атауы)	
Қызметі, бөлім, кафедра, басқа да құрылым атауы	
Ғылыми дәрежесі, атағы (толық)	
Қызметтік/жеке ұялы телефон нөмері (шет мемлекеттердің азаматтары үшін – қала кодын көрсете отырып)	
E-mail	
Конференцияға қатысу нысаны (офлайн/онлайн)	
Баяндама (тезис) атауы	
Дөңгелек үстел атауы, нөмері	